



ПИОНЕР

№ 7 ИЮЛЬ 1957

Обязательны **АЛМАТЫ**
экземпляры



ПИОНЕР


Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 7

ИЮЛЬ
1957 ж.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 19 жыл.



ФЕСТИВАЛЬ!

Фестиваль! Жастар мейрамы! Бұл күндері осы сөздер жиі естіледі. Оны білмейтін, асыға күтпеген бір де-бір жан жоқ. Жастық мейрамы жақындаған сайын дайындық тақыза түсті. Жас жігіттер мен қыздар, оқушылар мен пионерлер фестивальға тартулар әзірледі.

7 июль 1957 жыл. Астанамыз Алматы бұл күні бұрынғысынан да көріктеніп түспек. Заулім ағаштар, алыстан көрінген Алатау қалаға ерекше бір түр бергендей. Мейрам болатыны айтпаса да айқын. Бүгін қала әдеттегісінен ерте оянды, әсіресе облыстардан келген жас жігіттер мен қыздар бұл күнді асыға күткенді.

Қаланың орталық көшелері адамға лық толы. Айнала ығы-жығы жастар, олардың жүзінде шаттық нышаны көрінеді, көшелерде шырқай салған әннің, дүбірлі музыканың сазы кернейді.

Сап түзең, 16 облыстың өкілдері мен еңбек резервтері оқушыларының легі келеді. Бұлар М. Горький атындағы паркке бет алды. Міне, бұл жер қайысқан лек-лек толқын «Спартак» стадионына да келіп жетті. Әр облыс колоннасы өзіне арналған орынға келіп алдыңғы сапына ту ұстаушыларды қойды.

Сәске түс. Сырнайшылар жастар мейрамының ашылғанын хабарлады. Стадионда

фестиваль оты маздаған. Міне, таңдаулы гимнастар өнерлерін көрсете бастады. Мұнан соң 5000-ға жуық адамнан құрылған хор фестиваль әнін шырқады, оған көрушілер де қосылып кетті.

Сәлден соң жігіттер мен қыздар «Алтын дала» биін билей жөнелді. Стадион алаңын бейне бір алтын астық пен алқызыл гүл жапқандай болды. Мұнан соң облыс делегациялары өз өнерлерін көрсетті. Олардың ішінен жас жұмысшыларды, тың көтерген ерлерді көреміз, көбінің омырауында ордендер, медальдар, бұл — қажырлы еңбектің белгісі.

Оркестр сазы шырқай түседі. Қазақ, орыс, украин, ұйғыр тағы басқа халықтардың би музыкалары ойналды, «Халықтар достығы» биі биленді.

Стадионда ән шарықтаған сайын оған үн қосқан бейбітшілік құсы — көгершін де аспанда қалықтай түседі. Жастық мейрамына қатысушылардың «Партияның даңқы арта берсін!», «Отанымыздың даңқы арта берсін!» деп салған ұрандары әлемді жаңғырта түседі.

Сонан біраздан соң парктің әр жеріндегі ашық эстрададан, көшелерден шырқата салған әндердің, думанды музыканың шадыман үндері көтеріледі. Қала бойымен ән, музыка керуені келе жатқан сыяқты, шаттық, көңілділік толқынына бой ұрмаған жан жоқ.

Бұл кезде ипподромда спорттық ат ойындары, қыз қуу, бәйгі, жорға жарысы болып жатты. Аэродромда ауа кемелерінің мейрамы болып, жас модельшілердің жарысы өткізілді.

Театрларда, клубтарда жастардың республиканың атақты адамдарымен кездесулері, делегациялардың өзара кездесулері жүріп жатыр. Міне, қаншама қызықтар бар, бәрін де көріп үлгеру керек. Көріп емес-ау, тікелей қатысу керек, қонақ болудың қажеті жоқ, жастарды біреу келіп көңілдендірмек емес. Фестивальдің өзі шаттықтың, сайран құрудың, өнерді ортаға салудың думанды торабы.

Әдеттегі дәстүр бойынша жастар еңбек өнімділігін арттырып, фестиваль құрметіне алған міндеттемелерін орындаумен келеді. Фестивальдық бригадалар, сменалар өндіріс жоспарын асыра орындағаны жөнінде рапорттар тапсырды. Тың аймақтың батырлары үстіміздегі жылы 1,5 миллиард пұт астық алу жолындағы бүкілхалықтық күреске жұмыла түсті. Олардың жеңіп шығатындығына сенімдері әбден зор. Жастық мейрамы

алдындағы осы бір еңбек өрлеуі — Ұлы Октябрьдің 40 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыстың ұлы арнасымен ұштасып жатыр.

Қазақстан даласы алтын астығы, сан алуан кең байлығымен қатар асқақтата салған әнге, әсем күйге, өрен жүйріктерге, халық өнерпаздарына толы. Халық гүлі — өнер иелері фестивальға көптен әзірлік жасап келді. Көркемөнер үйірмесі, би коллективі өнерімен шұғылданбаған колхоз, совхоз, МТС, кәсіп орындары, мектептер кемде-кем-ақ шығар.

Жастар мейрамына дайындалу үстінде көркемөнер үйірмелері өрісін кең жайып, оған қатысушылардың қатары анағұрлым артты. Мұндай өсу, өркендеу жағдайы республиканың барлық облыстарында, қалаларында және аудандарында болды.

Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында көркемөнер үйірмелері екі еседен астам өсті. Қазір селолық жерлерде 535 көркемөнер үйірмесі бар.

Бұл жұмысқа жақсы әсерін тигізген шараның бірі «Мәдениет эстафетасы». Жастар өздері тұрған жерде ойын-сауық қойып, концерт берген соң, көршілеріне барып, өнерлерін көрсетті. Фестивальға сәйкес істелген жұмыстарды айтты. Эстафета тапсырды. Оны қабылдаған жастар сол жолмен эстафетаны өз көршілеріне апарып тапсырды. Міне, сөйтіп эстафета колхоздан колхозға, совхоздан совхозға, МТС-тен МТС-ке көшіп, ауданға, облысқа жеткізілді. Облыс орталықтарында аудан көркемөнер үйірмесі творчестволық есеп берді.

Комсомол ұйымдары, мәдениет орындары көркемөнер коллективтерінің жетекшілерін, баян тартушыларды, көпшілік ойындарын ұйымдастырушыларды жақсы даярлап шығару жөнінде біраз жұмыстар істеді. Өйткені жетекшісіз көркемөнердің ілгері басуы тіпті қыйын. Олар жастар арасында мәдениет-көпшілік жұмыстардың ұйымдастырушысы.

Фестивальға дайындық кезінде әншілердің, бишілердің конкурстері, комсомолға арналған кинофестивальдар, жастардың қарт коммунистермен кездесу кештері өткізілді. Фестивальға арналып бірнеше өлеңдер, әңгімелер жазылды. Жас жазушылар, композиторлар, суретшілер өз еңбектерін халық алдына салды. Жастардың тамаша жұмыстарының бірі — туған өлкені, қала мен селоны көркейтеу, клуб, мәдениет үйін салу, ағаш отырғызу тағы басқалары. Оқушылар, пионерлер фестиваль құрметіне бірнеше мың түп ағаштар отырғызды.



Семей қаласының жастары ағаш отырғызуға, гүл егуге өте-мөте күш жұмсады. Балаларға арналған парк ашылды. Бұл паркті қалалық комсомол комитеті және пионер үйі қамқорлыққа алды.

Қарағанды облысы Тельман ауданының жастары екі гектар жерге жеміс ағашын отырғызды, комсомолецтер мен пионерлер өздері тұрған үйлерінің маңына кем дегенде 10 түп ағаш отырғызу міндетін алып, оны жүзеге асырды.

Жамбыл облысы Қордай ауданының оқушылары туысқан Қырғыз республикасының оқушыларымен бірлесіп, екі республика арасында достық аллеясын жасамақ.

Талдықорған қаласындағы Абай атындағы мектептің оқушылары өз күштерімен стадион мен спорт залын салып бітірген.

Фестиваль алдымен колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде, өндірістерде, оқу орындарында өткізіліп, оларда озып шыққан өнершілер аудандық фестивальға қатысты. Сонан соң облыстық фестивальдар өтті. Оларға аудан, қала жастарының өкілдері, еңбек озаттары, үздік әнші, бишілер келді. Оларды жақсы қарсы алу, қаланы әсемдеу зор міндет еді. Жастар фестиваль өтетін жерлерді көркейтуге көп көңіл бөлді. Стадион, парк, көшелер плакаттармен, қызылжасыл тулармен безендірілді. Көшелердің көпшілігі белгілі бір тақырыпқа арналып безендірілді. Онда бейбітшілік жолындағы күрес, жастардың еңбегі, комсомол тұрмысы, алтыншы бесжылдықтың өсу жолдары көрсетілді. Бірталай республикалық фестивальда озып, жүлде алған әншілер, бишілер,

еңбек ерлері Жастар мен студенттердің дүниежүзілік VI фестивалына барады. Фестиваль Москвада өтеді. Оған 30 мыңнан астам шетелдік жас достар келеді. Бұл фестивальда жастар бейбітшілік, достық үшін күрестінің тағы да айқын көрсетеді.

Совет жастары, оқушылар, пионерлер шет мемлекеттерден келетін қонақтарды қарсы алуға зор дайындықтар жасайды. Оларға қалай еңбек ететінімізді, оқытынымызды, дем алатынымызды айтып береміз. Біздер Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жастарға деген әкелік қамқорлығын мақтан етеміз. Бізде жұмыссыздық, аштық, правосыздық дегендер жоқ.

Жастар қонақтардың біздің елде болған күндерін есте қалдыруы үшін оларға әртүрлі тартулар әзірледі. Жастар өз қолдарымен мүйізден, сүйектен әшекейлеп өркілді заттар жасады, кілем тоқыды. Бұл жұмыста жастар асқан шеберліктер көрсетті.

Талдықорған ауданы Қаратал жетіжылдық мектебінің пионерлері мен оқушылары фестивальға тарту әзірледі. Олар өз қолдарымен өсірген жеміс бағынан бір вагон алманы фестивальға қатысушыларға жібермек.

Жастардың жарқын мейрамы — республикалық фестиваль аяқталды. Бірақ істеген жұмыстар, фестивальдан алған үлкен әсер аяқталған жоқ. Республика жастары бұдан былай да мәдени-ағарту жұмысын жақсартуға ат салыса береді.

С. Кенжебаев.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары.

ОҚУШЫЛАР ТАРТУУЫ

Оқушылар коллективінің председателі Лариса Гудинаның ұсынысын балалардың бәрі қолдады.

— Егер әрбір класс болып өзара жарысқа түссек, металл сынықтарын неғұрлым көп жыйнайтын болар едік, — деген еді ол.

Сол күннен бастап М. Горький атындағы №7 орта мектеп оқушылары металл сынықтарын жыйнауға жаппай кірісті. Олар сабақтан бос уақыттарының көбін осы мақсатқа арнады. Үйді-үйдің қораларын, өндіріс орындары мен мекемелер аулаларын аралады. Бұрыннан өздері байқап жүретін темір сынықтарын мектеп ауласына әкеліп, әр класс өз алдына орын белгілеп үйе бастады. Ескі пышақ, майысқан қасық, ұңғысынан сынған кетік балта, өз қызметін атқарып

болып далаға лақтырылған койка, майысқан консерві қаңылтырлары, бір сөзбен айтқанда сан алуан заттар бір жерге бастарын қосып молая түсті.

Мұндай ұсақ-түйектерді мектеп ауласына жеткізу онша қиынға түсе қойған жоқ. Ал, алтыншы кластағыларға «Ударник» кинотеатрының жанында жатқан болат рельске өзгелерден бұрын ие болып, оны қажетті орнына жеткізу оңай болмай шықты. Ұзыннан-ұзақ көсіліп ап-ауыр боп жатқан бірдеме. Оны көшеде көтеріп жүрудің өзіне көп күш керек. Дегенмен, ақылдаса келе оқушылар шешім тапты. Үш қол арбаны әкеп біреуін рельстің бір басына, екіншісін ортан беліне, ал, үшіншісін рельстің екінші басына жанастыра қойысты. Содан кейін рельс-

ті бәрі жабылып әлгі үш қол арбаға көтеріп салып, түсіп қалмайтындай етіп мықтап тұрып байлады. Бұдан соң балалар алдыңғы арбаның басына жуан жіп тақты да, бәрі жабыла сүйреп рельсті мектеп ауласына оңай жеткізді.

Отряд советінің председатели Галя Шегай бастаған бесінші класс оқушыларының бір тобы бұдан да қызық оқыйғаға кездесті. Олар мекемелер аулаларын аралап жөнді ешнәрсе таба алмай жүрді де, техникалық училище ауласына келгенде ойламаған жерден үйіліп жатқан аса көп металл сынықтарына, жарамсыз бөлшектерге тап болды. Бұлар барып басқа жаққа кетіп қалған жолдастарын шақырып әкелгенше мына мол «қазынаны» басқа мектеп оқушыларының



қағып кетуі кәдік. Қағып кетпегеннің өзінде осыншалықты көп дүниені мектеп ауласына қалай жеткізеді. Балаларды ойландырған да осы еді. Бір кезде Ингман Нина аяқ астынан ақыл таба қойды.

— Балалар, — деді ол тақылдап, — біз әуелі училище директорына барып мына темірлерді алуға рұқсат сұрайық, әйтпесе, біреу-міреу бізді қуып жіберіп жүрер... Сонан соң, директордан мына темірлерді мектепке жеткізіп алуға машина сұрап көрейік.

— Па, шіркіннің ақылын-ай, саған директор машина бере қояр, — деп кекетті балалардың бірі қарқылдай күліп.

— Темірлерді берсе де, рақмет айтып кетерсің, — деді екіншісі.

Нина оларға тізгін бере қоятындар қатарына жатпайтын. Беттерін қайтарып тастады....

Журналдың бірінші, төртінші беттерінде сүйектен жасалған суреттер. Бұлар Семей ет комбинаты комсомолецтерінің фестивалға арнаған тартулары.

— Машина бермесе неміз кетіп барады. Ал, бере қалса, мұншама темір сынықтарын тез арада мектепке жеткізіп алмаймыз ба?

— Нина дұрыс айтады, — деп қостады Галя ойланып тұрып.

Осыдан соң Нинаны желеке етушілер селдіреп, ақыры қойысты. Оқушылар училище директорына «делегация» жіберуге ұйғарды. Бірақ, осы арада туған бір қыйыншылық — балалардың ешқайсысы училище директорының аты-жөнін білмейді екен. Үлкен кісіге, өзі көмек сұрай барғанда, қалайша директор ағай деп тұрарсың?

Дес бергендей олардың қастарынан қара мұртты, ұзын бойлы бір кісі өтіп бара жатты.

— Ағай, — деді Галя ол кісіге қарап ұяндауыспен.

Ана кісі тоқтай қалды.

— Ағай, бізге директордың аты-жөнін айтпайсыз ба?

— Ие, ол неге қажет болып қалып еді? — деді әлгі адам көңілдене күліп. Балаларды еркелете сөйледі. Көптің атынан Галя қысыла шаруасын айтып шықты.

— Ә... Ә, — деді даусын соза мұртты ағай. — Оларың жөн екен... Директор Қобзев деген кісі... Сергей Иванович...

«Делегацияны» Сергей Иванович жылы шыраймен қабылдады. Оларға жүк машинасын, тіпті темірлерді машинаға артысатын бір-екі кісі де қосып берді. Сөйтіп, машинаға 2 тонна 135 килограмм металл сынықтары артылды.

Осылайша металл сынықтарын жыйнау жөніндегі екпінді онкүндік қызу жұмыс аяқталды. Барлық жердегі сыяқты бұл мектепте де онкүндіктің қортындысын шығару қажет еді. Қаладағы «Чермет» қоғамынан жүк машинасына дәу таразыны артып келген Григорий Федорович Ломакин тау болып үйіліп жатқан металл сынықтарын көргенде:

— О... О — деді әрі тамашалап, әрі сүйсіне. — Қарақтарың-ау, бүкіл қаладағы темірлерді жыйнап әкелгенсіңдер ме. Не деген көп дүние!

Оқушылар өздері жыйнаған металл сынықтарын өкел таразына өлшеп бастады... Барлығы 19 тоннадан астам зат жыйналыпты.

Ларисамен бірге 9-б класында оқыйтын Игорь Вдовин «Чермет» өкіліне:

— Сіз, біздің бұдан біраз уақыт бұрын жыйнап өздеріңізге тапсырған 20 тонна металл сынықтарын есіңізден шығара көрмеңіз, — деді.

— Ұмытпаймын, балаларым, ұмытпаймын.

Барлығы 40 тонна. Сендер осы металл сынықтарынан қанша болат қорытылатынын білесіңдер ме? — деді Ломакин.

— Білеміз... білеміз,— деп жапатармағай жауап берісті балалар.

— Ал, білсендер айта қойыңдар.

— Алып қуатты 4 «Сталинец — 60» тракторын немесе 24 «Победа» жеңіл машинасын жасап шығаруға болады,— деп іліп әкетті Игорьдің кластас жолдасы Максим Миллер. Оны басқалары үдете жөнелді...

— 2200 велосипед!

— Минск автомобиль заводы шығаратын өздігінен жүк түсіретін 6 «МАЗ—205» машинасы!..

...Класс аралық жарыс қортындысы да осы жерде шығарылып қалды. Лариса бастаған 9-б класының оқушылары 4 тонна 800

килограмм металл сынықтарын жыйнапты. Бірінші орынды жеңіп алған олардың қуаныштары қойындарына сыймады. 10-в және 5 класс оқушылары екінші орынға шықты. Металл сынықтарын жыйнаудан түскен қаржыға сол күні барлық мектеп оқушылары киноға барды. Жоқ, киноға баруға оншалықты көп ақша шыққан жоқ. «Қалған үш-төрт мың сом ақшаны Отанымыздың астанасында өткізілетін фестиваль қорына үлес ретінде қосайық» — деп физкультура пәнінің оқытушысы Алексей Тихонович Кутепов тамаша бір ұсыныс жасады. Балалар бұл ұсынысты қызу қуаттап қарсы алысты. Осы сәтте олардың барлығы қанатты қыялмен Отан жүрегі Москваның көркем көшелерін бір аралап шыққандай болды.

Е. Мырзахметов.

Петропавл қаласы.

ШЫН ЖҮРЕКТЕН

(БАЛЛАДА)

Білемін сағынасың аяулы ана,
Аңсадым мен де сенің саяңды ана,
Бұл хатта жүрегімнің жалыны бар,
Бұл жалын арналмақшы саған ғана.

Өзіңе жазғым келді көргенімді,
Еске алып қырдан гүлдер тергенімді.
Толғады жетегіңде жүрген жылдар,—
Толғады өткізген шақ бірге күнді.

Ұшырдың, қанаттанып алыс ұштым,
Қыялмен бір өзіңді тағы құштым.
Көріспеу көңілімді бөлді менің,
Шегі де болмайды екен сағыныштың.

Бейуақта сырласамын өткен күнмен,
Кетпейді көз алдымнан көктем күлген.
Жақында дос үйінің қорасынан
Ғажайып уақытқа тап болдым мен.

Алдымда шағын ғана ұя тұрды,
Бұл жерге күнде келді сый әртүрлі.
Қарлығаш, балапандар кешке қарай
Бәрі де сол ұяға сыятын-ды.

Мінеки сол ұяға дұшпан төнді.
Кінәсіз балғындарды қыспақ болды.
Сезді ме ажал хаупін жақындаған,
Талпынып балапандар ұшпақ болды.

Шынымен бола ма екен құс арманы
Шырқау ғой көк жүзіне ұшан бағы.
Қанаты қатаймаған балапандар,
Талпынып ұша алмады, ұша алмады.

Ешкімді елемеді, қысылмады,
Сұр жылан аузын ашты, ысылдады.
Ұяға жақындады міне, міне,
Ақырын діңгек басы тысырлады.

Шыдайды, дәт қылады ондайда кім,
Бақытсыз харіп жайын мен де ойладым.
Жыланды өлтіруге уын шашқан,
Таяқты қолымдағы оңтайладым.

Қолымды көтеріп те үлгермедім,
(Қасымнан зулап өтіп тұрған менің)
Қарлығаш алып жетті көк дәуітті
Асығып кигізуге сұмға кебін.

Ұяға дәуіт келіп орнықты да,
Қадалды алашұбар сұм «мықтыға»
Сылқ етіп жылан жерге құлап түсті,
Осындай уақытқа болдық куә.

Білмедім ұқты нені, не түсінді,
Шулады балапандар бұлт пішінді.
Аналық қамқорлығы қарлығаштың
Есіме, ана, өзіңді бір түсірді.

Т. Молдағалиев.



ӘҢГІМЕ

Әрі сирек, әрі бір бағытқа ғана жүретін 3-номерлі трамвай жарыса созылған темір жолдың бойымен қыймасы түскен арбаша салдырлап, адамның ең көп отыратын жері — осы бұрылыстағы кідіріске жақындай бере баяулады да, уһ, пшш! — деп қатты бір дем алды. Екі вагонның тап ортасына келген халық жөңкіле екіге бөлініп, артқы есіктерге қарай лап қойысты.

Көздері ойнақшый күлімдеген, жеңіл киінген, жалаңбас бала алғашқыда есікке бірінші болып келіп қалса да, қысыла сығылысқан кейінгілерге жол беріп, есіктің арт жағына қарай ығыса берді.

— Жүр, жүр, бала, тезірек, — деп арттағылар ұлықсат еткенмен, ене беріңіздер деп ишарат білдірген баланың қылығын сыпайылыққа жорып, асығыс көтеріліп жатыр. Бірақ, баланың артын ала төтеден қосылған елеуреген біреу кимелей ентелеп:

— Кіретін болсаң кір де, кірмесең жол бер былай! — деп, баланы қайтадан қысып отырып, есікке алып келді. Әлі де кіргісі келмеген ол тырмыса бөгеліп көріп еді, бірақ, артқы күшке қарсылық ете алмайтынын сезген соң, көпшілік жаққа қарай бұлтың ете қалды. Бұл жер әлгіден де мазасыз тиді. Топтың ортасында кептетіле алға сырғыған бала әлі де тырмысып, ығыса береді.

— Өй, сен бала неғып жол бермейсің, артын ала кірсең де болады ғой, — деген бір мосқалдың даусы ғана естілді. Қақпақылға түскен әлгі бала қағыла отырып, артқа бір-ақ шықты.

Кейінгі вагонның жүруге ұлықсат берген қоңырауы маңдайға ұрғандай оқыс тық ете қалуы мұң екен, алдыңғы вагонның кондуктор қызы да ұзын жіпті оқыс тартып қалды да, сөйлеп қоя берді.

— Кәне, билет алыңыздар, алға қарай жылжыңыздар, алға, алға!

Сылдыр еткізіп қалған трамвай да жұла тартып, әлгі жолғысынан баяу салдырлап қайтадан алға ұмтылды. Ең артынан кірген жаңағы бала ішке арқасын бере табалдырыққа сүйеніп, оң жақ қалтасының түбінде жүрген екі-үш семечконың біреуін аузына салып жіберіп, шырт еткізді.

— Анау есіктегі бала, ішке көтеріліп тұр! — деген кондуктордың жартылай бұйрықты сөзін де елеген жоқ. Кондуктордың да оны қайтадан мазалауға мұршасы келмеді.

— Маған бір билет беріңіз.

— Екі билет, біреуі чемодан үшін, — деген есік жақтағылар мен алға өтіп кеткендердің қолдан-қолға көшіп келген ақшаларына билетті жыртып жатып:

— Мынау сізге, мынаны алдағы кісіге беріңіз. Сіз тұра тұрыңыз, біреуіңізбен есептесіп алайын... Кәне, жолдастар, алға қарай. Анау бұрыштағылар, билет алыңыздар, — деумен-ақ келесі тоқтайтын жерге келіп қалды. Кондуктордың аузында әлі де дамыл жоқ:

— Пастер көшесі, келесі Кавалерийстер көшесі. Кәне, жолдастар, алға қарай жылжыңыздар. Кіргендеріңіз тезірек билет алыңыздар. Кәне, кәне. Міне билетіңіз.

Трамвай жүрісі баяулай бергенде секіріп түскен бала тағы да артта тосып тұрып, кісілер түгелдей енгеннен кейін, бағанағы орнына қайтадан жайбарақат тұрып алды. Бірақ, бұл жолы көзінің қыйығы тағы түсіп кеткен кондуктордың даусы қаталырақ шықты:

— Балақай, саған айтылды ғой. Ішке еніп тұр, билет ал!, — деп біреулерге билет жыр-

тып берді де, келесілерге билет те берместен, әлі де тыңдай қоймаған баланың қасына келіп иығынан тартты.

Селк ете қалып, ештеңе түсінбегендей оның бетіне бажырая қараған бала енді құтылудың қыйын екенін аңғарып, қарсылықсыз ішке енді де, кондуктордың көзі тая бере, кісілердің ара-арасымен алға қарай жылысып берді. Көзі шалып қалған кондуктор да соңынан ұмтылды:

— Балақай, ба... ей, балақай! Билет алмай қайда кетіп барасың?!

Кондуктор жолдағыларға билет жыртып алға жақындағанша, трамвай да келесі кідіріске келіп тоқтады. Бала секіріп түсті де, шалқаймасы бар орындыққа отыра кетті. Бұл жолы асфальтты кең көшемен қалалық паркке тура баратын троллейбусқа мінуі керек.



Ашық трамвайлардан троллейбустың көп қыйындығы бар. Секіре қашуына мүмкіндік болмайды. Әйтсе де ол бұған да амал тапты. Оның артқы есіктен кезекпен еніп жатқандарда жұмысы болған жоқ. Алдыңғы есіктен көтерілген қолында имек таяғы бар, сәл бүкшиген қауға сақал шалмен жанасалай ішке бірге кірді.

Ең алдыңғы орындықта отырған бір жас келіншек пен жас жігіт орындарынан ұшып тұрысып:

— Отырыңыз, атай, отырыңыз! — деп шалға орындарын ұсынды.

Орындықтың әйнек жақ түбіне бұрынырақ жып етіп отыра кеткен әлгі бала көшеге қарап әйнекке жабыса қалды.

— Билет алыңыздар, — деген кондуктор даусы алға қарай жақындаған сайын, бала да жыйырыла шімірігіп, әйнекке жабыса түседі.

Шалбарының қалтасынан құржаңдап бақыр аралас бес-алты күміс алып шыққан қарт, қасына келген кондуктор қызға:

— Маған келесі кідіріске дейін бір билет беріңіз, — деп отыз тыйын ұсынды. Зілсіз жымыя қараған кондуктор қыз:

— Тағы да отыз тыйын беріңіз, — деді.

Тегі осы шал бұл троллейбуспен көп жүрген болуы керек және де аздаған қулығы да бар ма, қалай:

— Қарағым, шалдарға отыз тыйынның билеті де жарайды ғой, — деді ол да жымыя.

Бірақ, әлгідегідей емес, өңі сәл қатқылдана қалған кондуктор:

— Ата, жұмыс уақытында бөгемеңізші, көне отыз тыйыныңызды беріңіз, — деп алақанын тосты.

Өзінің қалжыңына қысылып қалған қарт та көзі жыпылықтап.

— Қызым, ғапу ет, билеттің бағасы қымбаттап кетіп пе еді? — деді, тағы да күмісін санай бастап.

— Ия, атай, қымбаттап кеткен! Келесі тарифтік кідіріске дейін әрбір адамға отыз тыйыннан, — деді қыз да шімірікпей. Басын қайтадан жұлып алған шал:

— Айналайын, өзің не айтып тұрсың. Мен тіпті түсінбей қалдым. Жаңа бір отыз тыйын төлеген жоқ па едім, — деді сұрақты пішінмен.

— Жоқ, сіз екі билет алуыңыз керек, — деді кондуктор қыз орнынан жылжый беріп.

— Ей, қызым, көзіңе мен екі адам болып көрініп тұрмасам, екі билетің не?

Кейін аттай бере тоқтай қалған кондуктор қыз ашуға басты білем:

— Атай, бір мезгіл ұялу керек емес пе! Ана жаныңыздағы балаға сіз төлемегенде Пушкин төлеуі керек пе! — деді тіксіне қарап. Шал қарқылдап кеп күлді.

— Ой, қызым-ай, бұл балаға мен де, Пушкин де, сен де шығынданбай-ақ қояйық. Өзінің әкесі төлесін. Көшеде қыдырып жүрген бөтен балаларға шалдар төлесін деген заң қашан шығып еді, — деді күлкісін тыя алмай.

Іште отырғандар да ду күлісті. Бала ештеңе сезбегендей әйнекке жабыса береді.

Істің мәнісін жаңа байыптаған кондуктор қыз қып-қызыл боп кетті де:

— Ой, ғапу етіңіз, атай, ғапу етіңіз, — деді, сасқанынан баланың иығынан жұлмалай берді. — Сізбен бірге еніп, бірге отырғанға қасыңыздағы еріп жүрген бала екен ғой дегенмін. Ох, осы балалар-ақ ұятқа қалдырады. Тымпыйып неғып отырсың, билет неге алмайсың?!

Иығынан уыстап ұстаған қуатты қолдың иесіне кінәсіздық пішінмен көзін жыпылықтата қараған бала орнынан сөйлей көтеріліп, есікке қарай беттеді:

— Апатай, мен жаңа ғана отырып ем. Келесі кідірісте түсемін.

— Билетің қайда алған?

Бала да өз дәлелін мыңғырлап айта берді.

— Бір кідіріске де билет сұрайсыз ба? Мен қазір түсемін.

— Қара, мына баланың айтып тұрғанын, — деп жұлына ашуланған кондуктор, әйнек үстіндегі кнопканы басып-басып қалды. Троллейбус баяулай беріп тоқтай қалды да, есік сырғып ашылды. — Билет ал қазір, әйтпесе диспетчерге алып барамын, айып тартасың.

Кондуктор балаға жүргізуші отыратын бөлменің есігінің жоғарғы жағындағы «билетсіз жүргендерге штраф 5 сом» деген ескертуді көрсетті. Бірақ, оны өзім де білемін дегендей, көңіл аудармаған бала:

— Мен қазір түсемін деймін, — деп, бастапқы сөзін қайталап қасарысып тұрып алды.

Іштегілердің бірі:

— Мұндай балаларды жөнге салу керек. Ата-анасына хабарлау керек, — деп ызбарланса, енді бірі:

— Сол баланы қайтесің әурелегенде, қоя бер, — деседі. — Мүмкін, қалтасында ақшасы жоқ шығар.

— Ақшасы болмаса, жаяу жүрсін! — деді кондуктор ашулы үнмен.

— Кондуктор, жүргіз троллейбусты. Бір бала үшін жұмысымыздан қаламыз ба! — деп, асығып келе жатқандардың да ащы үні шыға бастады.

Кондуктор:

— Бар, түс! — деген сөзді айтып үлгермей-ақ рабайсыз бір күліп, бала сыртқа жүгіре шықты.

«Бұл не қылған тәртіпсіз, бейбастақ бала» — деп қайтадан жылжып жүре берген троллейбус ішіндегі ызбарлы көздерін қадай кеткен көпшілік, баланың кәперіне де енген жоқ. Бүгін паркте болатын қызықты футбол ойынын көруге деген құштарлық оның аяғын жеделдете алғызады.

Паркке келгеннен кейін де ол шұбатыла үздік-создық халық еніп жатқан үлкен қақпада жұмысы болмады. Өзінің үйреншікті орнына қарай беттеді. Ол — парктің қақпасынан алысырақ жердегі темір шарбақты жуан терек жапырақтары көмкеріп тұрған орын. Кішкене қазықтың басындағы жұқа тақтайшаға жазылған өзіне көптен таныс жазу көзіне түсті. «Қоршаудан түскендер 5 сомнан 20 сомға дейін айып тартады».

Бала айналасына бір қарап алды да, хауіпті аңдушының жоқтығына әбден көзі жеткен соң, іс-міс жоқ, биік қоршаудың үшкір басынан ұстады да, оюлап иілген темірге аяғын салып, ішке жайбарақат топ етіп секіріп түсті. Бірақ, алға бес-алты аттай бергенде-ақ, сол жақтағы қалың ағаш ішінен милиционер ысқырығы шыр ете қалды да, жүрегі су етіп, ата жөнелген оның артынан ауыр етікті адам қуып берді. Сасқанда аяғы бар болғыр да өшейіндегі жүйріктігінен жаңылып қалады екен. Ұстап берем дегендей адымын аштырмай кібіртктеді де қалды. Ауыр етік дүңкілі дәл артына жетіп қалғанда ағаштың жуан тамырына сүрініп жалп етіп құлаған ол жылап жіберді. Денесі ауырған жоқ, үрейлену мен ұялудан туған далбасасы еді. Көйлегінен қапсыра ұстап көтеріп алған милиционер көзінен жас та шыға қоймаған баланың жүзіне көзі түскенде, өз көзіне өзі сенерін де, сенбесін де білмей бажырайып тұрып қалды.

Өңі құп-қу боп түрегелген баланың жүзі әпсәтте қызара күлімдей берді де, лезде қайта сұрлана қалды. Өзіне тесіле қараған милиционер ағасы Хамиттің көзі ішіп-жеп барады.

— Үйден тысқары жерде осындай бұзақылығың да бар екен ғой, Болат! — деді ол бұрын еркелетіп атайтын аты — Болтайды да атаған жоқ бұл жолы.

Мойнына асынған жұқа сумкасын ашып, ішінен жазылмаған квитанцияны алды да:

— Паркке келуге үйден алған ақшаң қайда, әкел! — деді қатал үнмен.

Болат төмен салбыраған басын да көтерместен қалтасынан бес сомын алып берді.

Хамит квитанцияға 5 сом деп жаза берді де, қайта өшіріп, 20 сом жазды.

— Сенің мұндайыңды бұрын бақылай алмаған менің де үлесім бар, 15 сом айып төлеуге тиістімін! — деді тістене ызаланып, қарындаштың үшін баса түсіп.

— Бар үйге енді, кешке сөйлесерміз!..

Айып салмағы мойнын қорғасындай тұқыртқан Болат аяғын санай басып үйіне беттеді...



Нығымет Ғабдуллин.

Гүлнар

ӘҢГІМЕ

«Қарауыл төбенің» бауырында отырған ауылға жуырда ғана көшіп келгенбіз. Бұрын аудан орталығында едік. Әкем бір мекеменің жауапты қызметкері болды. Шалғайдағы осы ауылға колхоз председателі боп баруды өзі қалады да, бір күні бүкіл үйімізбен тік көтеріліп көштік те кеттік. Енді міне жаңа қонысқа келіп орныққанымызға бір ай болып қалды. Күндіз-түні дамыл көрмей әкем өз қызметін бар ынтамен атқарып жүр. Менің де шаруам ешкімнен кем түсіп жатқан жоқ. Ауылдағы бар баламен танысып-ақ алдық. Бәрі де ғажап жақсы достар. Әсіресе Нұртайды айтсаңшы!

Ауылға көшіп келген күннің ертеңінде есік алдында көйлекшең тұр едім. Көрші үйдің ауласынан шыға берген сұңғақ бойлы, тықыр шашты, көзі қысыңқылау бір бала қасыма жедел басып келді де:

— Сәлеметсің бе? Қоныстарың құтты болсын! — деп маған ежелгі танысымдай-ақ қол берді.

Біреу амандық сұрағанда кәрі әжем айта беретін үйреншікті сөз тіліме оралып: «шүкір» дедім.

— Үй іштерің тегіс аман ғой?

— Шүкір...

— Сіздер көшіп келгенде үйде болмай қалғаным. Жүк түсірісуге көмектесетін

едім. Жайлау жақтан бүгін келдік, — деді көршім. Ол менің үсті-басыма көз қыйығын бір тастады да, — ал, өзіңнің есімің кім болады? — деп жымыйды.

Жөнімді айттым.

— Жақсы ендеше. Сен Қалтай болсаң, мен Нұртай. Қандай ұқсас! Әрі көршіміз. Тату дос боламыз! — деп ол қуана күлді.

— Оқу оқыйтын шығарсың? — деп сұрады содан соң.

— Әрине...

— Нешінші бітірдің?

— Алтыншы.

— Жетіншіге көштің ғой?

— Иә.

— Қандай ұқсастық! Мен де быйыл жетіншіге көштім. Дұрыс болды, енді екеуміз бір партаға отырамыз. Өзің оқуға қалай едің?

Мен өз жайымды қалай айтудың жөнін таппай кідіріп қалып едім.

— Үшің бар ма? — деп Нұртай аузыма сөз салды.

Мен басымды шайқадым.

— Оһо, жарайсың ендеше. Сенімен бір партаға отыруға болады екен. Оқуға нашар емеспін. Бірақ, Гүлнар дейтін қыздан оза алмай жүрмін. Ол қыз математикаға жүйрік. Ал мен әдебиет болмаса, есеп жағына әл-

сіздеумін, көп қыйналам,— деді Нұртай. Шыны ғой, сырын бүркеп тұрған жоқ...

Осы әуелгі танысқан күннен бастап Нұртайды қандай ақ көңіл, адал жанды дос деп жақсы көрдім. Бір күні ол мені Гүлнармен таныстырды. Гүлнар — дөңгелек келген ақсары жүзді, сабырлы сөзді тым байқап, ажарлап сөйлейтін қыз екен.

Сірә өзі әдебиет кітаптарын көп оқыйтын болар. Терезе түбіндегі саяда қалып бір кітапқа үңіліп отырғанын талай көрдім. Ол мені байқамайтын. Алдындағы кітабына соншалық бір құштарлықпен ертелі-кеш қадалып отырған Гүлнарға, көзі қалай талмайды, қандай зерек қыз деп сүйсініп көп қарайтын болдым. Кейде Нұртай үшеуміз оқыған кітаптарымыз жайында пікір айтысып қалғанда, Гүлнар бізді сөзден ұта береді. Сонда біз сыр білдірмегенсіп:

— Бүгін асығыс болды, келесіде үшеуміз де айтысқа жақсы әзірленіп келейік,— дейміз.

— Ылғый осылай әңгімелесіп тұрайық. Ертең де келіңдер. Қалтай, сенің қазақша кітабың болса, ала кел,— дейді Гүлнар...

Енді міне сол Гүлнардың қарасы көрінсе, тығылып қалып, одан бой жасырып жүретін бір қыйын халге душар болдым. Кім кінәлі бұған? Өзім бе? Әлде...

Бір күні үйімізге Нұртай асығып келді. Оңаша отыр едім.

— Қолың бос па, Қалтай? — деді ол есікті аша беріп.

Бас изедім.

— Жүр ендеше, кеттік!

— Қайда?

— Барған соң көресің...

Ол мені өз үйінің ауласына ертіп келді. Қақпа алдында қос күрең ат байлаулы тұр. Жондары жұп-жұмыр семіз сәйгүліктер.

— Екеуі де көптен құр жүрген арғымақтар. Ертең елу шақырым жерге сапар шегеді,— деп түсіндірді Нұртай.

— Ал екеуміздің қазіргі қызметіміз мынау,— деді ол маған,— қос күреңді көлге апарып шомылдырып қайтамыз. Жылқыны суға жүздірген қандай тамаша! Мынау ақбақай күрең тұмсықты көтеріп алып, қос құлағы қылтыя қасқалдақша жүзеді. О, ғажап қой... Шеш ақбақайдың шылбырын, осы жуасырағына сен мін. Ал, мынау шайтан асауырақ, саған ырық бермей кетер, бұған өзім қонжыяйын...

Екеуміз екі атқа жайдақ мініп, көлге тарттық. Жол-жөнекей желікпей аяңмен жүрдік. Жолшыбай Нұртай өзінің үш рет суға кетіп қала жаздаған тарихын әңгіме қылды.

Мен Нұртай әңгімесін қызығып тыңдадым. Көлге тақап келгенде ол сөзін шұғыл үзіп түйді де:

— Несін айтасың, сондай талай қызықтар болған. Ендігі қызықты қазір ат жүздіргенде көресің,— деп күрең атының үстінен жеңіл секіріп түсіп, көк құраққа отыра қалып, етігін шешті...

Көлден қайтып келе жатып:

— Анау жүрген бұзауға дейін жарысамысың? Кел қане... Атыңды қатарластыр,— деді Нұртай менің бүйірімді қыздырып.

— Жоқ, жарыспаймын.

— Қорқасың ба?

— Неден қорқам, сенен бе?

— Ал, ендеше ызғыт! Әйт-шу! — деп Нұртай ұзын шыбыртқысымен менің атымды сыйрақтан осып қалды да, өзі шаңы бұрқыраған жол жиегімен дүрсілдетіп шаба жөнелді. Даланы басына көтеріп қыйқулап барады.

Менің астымдағы күреңнің қамшы тисе, айқай шықса еліріп кететін мінезі бар екен. Бірден ыта жөнелгенде, Нұртайдың өзі де сескенді білем:

— Тарт тізгінді, тарт! Басы қатты, бой бермей кетеді,— деп айқайлады.

Тізгінге қос қолдап-ақ жармастым, бірақ елірген ат басына ырық бермеді. Сыңар езулеп, қырындай шауып, шеткі үйдің шарбағына жете бергенде, бір оңбаған әтеш атымның дәл аяғының астынан баж етіп ұшқаны ғой. Күрең ат жалт беріп үркіп, шарбақтан қарғып кетті. Кішірек бір қызыл бұзау ат аяғының астында қалды. Бишара жолда тұрар ма, екі арада соры қайнады. Бір бұрылып қарауға ғана шамам келді. Үріккен ат шапқылаған бойында қақпасы аздап қана ашық тұрған атқораға қарай бұрылды. Қақпаға жетіп қалғанда тізгінді қоя беріп, еңкейіп, аттың шоқтығына жабыстым.

— Қалтай-ау, секіріп кет деймін... Секіріп кет! Ағашқа соғады,— деп Нұртай да жолды кес-кестеп, көлденеңдей шапқылап келеді. Ол қақпаға бұрынырақ жетіп, үріккен аттың алдын тоспақ еді. Үлгірмеді. Менің ақбақай күреңім қораға қойып кетті. Дәл тобығыма біреу темір балғамен салып жібергендей болды. Көзім бұлдырап, құлап бара жатқанымды ғана сездім...

* * *

— Қалтай! Қалтай! Түрегел! Еш жерің ауырған жоқ па?.. Қап, шалбарыңның тізесін бірдеме іліп кеткенін қарашы...

Нұртай мені қолтығымнан көтеріп тұрғыза беріп еді.



— Сен оңбаған... атымды сыйраққа ұрып шошытып... Кісіні өлтіремісің! — деп зығырданым қайнап кетіп, құлақ-шекеден бірді қонжыйтып жібердім.

— Жұдырығың тіпті темірдей ғой өзіңнің,— деп сүйір ернін шошайтып күлді ол.

— Неменеге ыржақтайсың?... Тәртіпсіз...

Енді екеуміз қос күреңді жаяу жетелеп, бұзау жайын білгелі бет алдық. Шеткі үйдің шарбағына тақап барғанымызда серейіп жатқан қызыл бұзауды қоршалап шоғырлана қалған он шақты адамды көріп, жүрегім ұша бастады. «Япыр-ай, мерт болмаса жарар еді... Бәрі де сенің қырсығың, Нұртай. Үлкен ұятқа ұшырадым-ау... Әке-шешеме не бетімді айтам? Нұртайға еріп көлге несіне бара қойдым екен, ә, әйтпегенде бәрі де тып-тыныш қой».

Үрей ұшты, өң қашты. Нұртайдың да кө-

ңілі қатты толқығандай. Оның да өңі кү-қыл. Шеткі үйдің ығына келіп, тасада сәл бөгелдік. Бұзауды қоршаған жұрттың дабырын естіп тұрмыз. Әсіресе бір кемпірдің удай ащы тілі жүрегіме инедей қадалып, өңменімнен өтіп барады.

— Жаным-ау, бұ не деген есерсоқ бала, тапа-тал түсте тіпті бұзау түгіл, мені басып кете жаздады,— деп кемпір сыбағамды беріп жатыр.

— Масқара болдық, бұзау Гүлнардың үйінікі... Бүйірінің аласынан танып тұрмын. Жүр, зытайық осы арадан, не болса да кейін бір-ақ көрейік,— деп сыбырлап, Нұртай жеңімнен тартты.

— Қоя тұршы үгітіңді... Бәрі сенің қырсығың...

Бір ойлар «алға-алғалап» өзіммен өзім іштей алысып тұрсам, қыңқылдағаны несі екен деймін-ау! Бұл пәлеге мені ұрындырған Нұртай ғой. Жоқ, Нұртай күрең атты қамшымен тартып жібергенде, мені осы пәлеге ұрынсын деп ойлады ғой деймісің? Ат шаба жөнелгенде оның да зәре-құты қалмады. Қайтпек керек?

— Жүр, кінәні мойынға аламыз,— дедім Нұртайға.

Ол кірпігі жыпылық қағып маған қарады.

— Қане, жүр,— дедім тағы да.

Екі атты Нұртай жетелеп, амалсыз тасадан шықтық. Тұрғандар бәрі бұрылып бізге қарады. Бағанағы кемпір өзгеден бұрын:

— Әй, оңбағыр, ауылға келмей жатып, біреудің бұзауын мерткіткірдің. Өнегеңнің түрі осы ма? — деп маған ұрса жөнелді...

Қызыл бұзау еңтігіп, ауыр дем алып, сұлық жатыр. Жұмсақ алақанымен оны маңдайынан сыйпап Гүлнар отыр. Гүлнардың көзіне көзім түскенде ол қабағын шытынып төмен қарады. Мені көргісі келмегендей. Бетім дуылдап, мойным салбырап, жерге еніп кете жаздадым. Тілім де күрмеліп қалды...

(Жалғасы бар.)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГЕОФИЗИКАЛЫҚ ЖЫЛ

Әуе толқындарының таралу шартын, ертеңгі күннің ауа райын алдын ала қалай дұрыс білуге болады! Бұл мәселені және басқа күрделі проблемаларды шешіп отыру үшін жер үстіндегі геофизикалық құбылыстарды үнемі бақылау керек. Осы мақсатпен халықаралық геофизикалық жыл өткізу белгіленді. Бұл бақылау 1957 жылдың 1 июлінен бастап 18 ай бойы өткізіледі. Бұл уақыттың ішінде 30 елдің оқымыстылары

белгілі бір программамен метеорологиялық құбылыстарды, полярлық шұғыланы, космус сәулелерін, т. б. бақылайды. Мұны өткізуде төрт мыңға тарта ғылыми станциялар жұмыс істейді.

Бір мезгілдік бақылау Солтүстік полюстен Оңтүстік полюске дейін яғни жер шарын түгел қамтыйды. Көптеген экспедициялар Антарктикада, Сахара шөлінде және басқа бұрын аз зерттелген аймақтарда жұмыс істейді. Теңіздер мен

мұхиттарда да арнаулы корабльдердің үстінде бақылау жүргізіледі.

Халықаралық геофизикалық жылды өткізу істеріне Совет Одағынан 100-ден артық ғылыми мекемелер мен көптеген оқымыстылар қатысады.

Ю. Буланже

Физика-математика ғылымдарының докторы.

АТАҚТЫ АҚЫН



Сәкен Сейфуллин

Сәкен Сейфуллин аса көрнекті ақын және революционер. Оның есімі мен шығармалары халыққа көптен белгілі. Сәкеннің туып өскен жері бұрынғы Ақмола губерниясы, Ақмола уезі, Нілді болысы (қазіргі Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы). Сәкен он бір жасына дейін ауылда қазақша оқып, 11 жасынан бастап Успенский, Ақмола, Омбы қалаларында орыс мектептерінде оқып білім алады. 1916 жылы Омбы қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіріп шыққанда, Сәкен 22 жаста еді.

Осы жылдары ауылда біраз уақыт мұғалім болып істейді. Бірақ, Сәкен қалада оқып жүргенде, ел ішіне келгенде еңбекші халықтың патша үкіметіне қарсы наразылығына, бостандық жолындағы күресіне үлкен мән береді. 1917 жылдары өзі революциялық күреске белсене араласады.

Сәкен өлең-жырға бала күнінен әуестенген. Алғашқы кездегі өлеңдері жастық өмірге, оқушылық арман-тілектерге байланысты жазылса, 1916—1917 жылдардан бастап жазған өлеңдері революциялық мазмұнда жазылған. «Асығып тез аттандық», «Кел, жігіттер», «Жолдастар», «Қамауда», «Жас қазақ марсельезасы», «Қызыл ерлер» сыяқты көптеген өлеңдері мен «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесаларында Сә-

кен социалистік революция жолындағы ерлік күресті суреттейді, қалың еңбекші халықты сол күреске шақырады.

1917 жылы жазған бір өлеңінде:

Дүниеге жайып құлашты,
Күштерім құлаш сермеген.
Шаттанып тасып өлеңді
Айтпауға ерік бермеген.

Жігер қайнап зұлматқа,
Дүниеден шындық көрмеген.
Көз жасын көріп сорлының,
Көкірегім жылап еңіреген.

Екпінді қызу өлеңді
Айтпауға ерік бермеген.

— деп, өзінің шабытты жыры қорлықтағы, құлдықтағы еңбекшілерге арналғанын айтады. Сондықтан:

Намысы бар нашардың балалары,
Неше мың жыл құл болған бабаларың,
жолдастар!
Сансыз жастар дүниеде салды ұран,
Сол жастардың жалғыз біз паналары,
жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,
Бірігіп ұран салып қал.
Қызыл тулы майданда,
Бостандықты алып қал!

— деп ұран салады, ән шырқайды. Сәкеннің мұндай өлеңдері («Жолдастар», «Жұмыскерге», «Біздің жақта», «Жас қазақ марсельезасы») өзінің арнаулы әндерімен халық арасына кең таралады.

Ақындық, жазушылық және оқытушылық қызметімен қатар, Сәкен Қазақстанда Октябрь революциясы жылдарында белсене жұмыс жүргізген қажырлы большевик, революционер болды. 1917 жылдан Ақмола қаласында қазақ ауылдарында Совет өкметін орнатуға белсене қатынасады. Орыс большевиктерімен бірлесе отырып, байларға, контрреволюциялық күштерге қарсы қатал күрес жүргізеді. 1918 жылы Сәкенді Сибирьдегі Колчак үкметі ұстап абақтыға жабады. Ақмола қаласында тұтқынға алынған бір топ орыс, қазақ большевиктерін, соның ішінде Сәкен де бар, колчак жендеттері қол-аяғын кісендеп ұстайды, қыс ішінде жаяу айдалып, Ақмола, Петропавл, Омбы қалаларындағы түрмелерде, Атаман Анненковтың азап вагонында колчак бандыларының ең ауыр азап қорлықтарын көрсе де,

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

Сәкен революциялық күрес жолынан таймайды. Ақыры ол 1919 жылы Омбыдағы колчактың тұтқын лагерінен қашып шығады. Сибирь — қазақ далаларында жаяу жасырынып жүріп, еліне келеді. Бірақ, барлық жерде оны алашорда, колчак жөндеттері ізіне түсіп, іздеп, қайткенде қақпанға түсірмек болады. Ақырында бетпақтың даласымен жүріп отырып, ол кезде Совет өкметі орнаған Туркстан өлкесіне өтеді.

1919 жылдың екінші жартысында еліне, Ақмолаға, қайта келіп, совет құрылысы жұмысына белсене араласады. Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланады. 1922—1923 жылдары Қазақстан халық комиссарлар советінің председателі болады. Ол халық ағарту, баспа, оқу орындарында түрлі жауапты қызметтер істейді. Соңғы он жыл ішінде (1927—1937) жоғарғы дәрежелі мектептерде оқытушы, 1935—1936 жылдары «Әдебиет майданы» журналының редакторы болды. Сәкеннің жазып, бастырып шығарған еңбектері көп, көркем әдебиеттің барлық жанрын қамтыйды. Алғашқы өлеңдер жыйнағы 1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деген атпен басылған. Онан кейін «Асау тұлпар», «Қызыл сұңқарлар», «Домбыра», (1924) «Экспресс» (1926), «Тар жол, тайғақ кешу» (1926—1936), «Тұрмыс толқынында», «Жер қазғандар» (1928 жыл), «Көкшетау» (1929), «Альбатрус» (1936), «Социалистан» (1934), «Қызыл ат», «Айша» (1935) тағы басқалары жарияланды. Бұл аталған шығармаларында Сәкен, негізінде, революция және совет дәуірлерінің шындығын суреттейді. «Тар жол, тайғақ кешу» естегі әңгімелер ретімен жазылған тарихи роман сыяқты. Онда жазушы 1916—1919 жылдар арасындағы болған тарихи революциялық оқыйғаны, сол оқыйғаларға өзінің қатынасын баяндайды.

Әсіресе, Сәкеннің большевик жолдастары мен колчак қолында тұтқын болған өмірлері жарқын, қызықты сыйпатталады. Сәкеннің өлеңдері мен поэмаларында жаңа революцияшыл күрес дәуірі тудырған шындық пен көркемдік, ақындық сарын күйлер айқын сезіледі.

«Көкшетау» атты поэмасында Бурабайдың сұлу табиғатымен бірге, елдің ардақты мекені болған сол жерлерге байланысты халықтың аңыз-әңгімелерін баяндап суреттейді. Шабыншылық әдеттерді қатты сынап отырып, ақын ерлікті, мергендікті, на-

Сәкен Сейфуллин.

СОВЕТСТАН — ЕР ҰЛАННЫҢ БЕСІГІ

(«Советстан» поэмасынан үзінді)

Советстан!

Адал еңбек кәсібі,
Адамзатқа теңдік бақыт есігі.
Жауын құған,
Ерден туған,
Белді бұған,
Еркін өсер ер ұланның бесігі.
Ер ұланым — комсомолдар балапан.
Пионерлер, арттарында балақан,
Күшті білек,
Батыр жүрек,
Бір-ақ тілек —

Қазірден-ақ көк құрыштай алақан,
Әне лек-лек келе жатыр комсомол
Ту ұстаған алдарында күшті қол.
Кеудесі ашық,
Кеулей тасып,
Аттай басып,

Өлеңдетіп жер жаңғыртқан екпін мол.
Кейін қара, былай өтсін комсомол
Анау жұл-жұл адымдаған оңды, сол.

Пионерлер
Күшін кернер,
«Дайынбыз» дер.
Жеткіншекке деші айқайлай: «дайын бол».
Қызыл жаулық серт белгісі мойнында,
Еркіндік пен тегіс бақыт ойында.

Жалт-жұлт нық бас,
Жарқ-жұрқ от шаш,
Сарт-сұрт марш-марш-марш.
Күш пен қайрат, көркем қыймыл ойында.
Тынбай үйрен әуейі боп мастанба!
Алға адымда ешнәрседен жасқанба!
Лек-лек қапта!
Жұл-жұл атта!
Нық-нық тапта!

Ескілікті күл қып ұшыр аспанға.

1926 ж.

ПИОНЕР

(«Көкшетау» поэмасынан)

Сарқырай Бурабайға құйған бұлақ,
Сумаңдай орман кесіп еткен бұрақ.
Тас бұлақ Бурабайға құйған жері
Жібектей судыраған жасыл құрақ.
Сол жерге жас пионер отряды
Әр маңда шатыр тігіп етіп тұрақ.
Жалаңаш күнге күйіп, күндіз ойнап.
Кешпенен от жағады бейне шырақ.

Сол жерді пионерлер алған сайлап,
Қаз-қатар шатыр тігіп жаздай жайлап.
Тәндерін шынықтырып түрлі ойынмен
Ортаға желбіреткен туын байлап.
Ас істеп маздатады кешке от жағып,
Әскерше Көкшетауды жатқан бағып.
Ертемен тіршілікке жұтынады
Жаңғыртып кернейлетіп дабыл қағып.
Шомылып Бурабайға күміс жалтыр
Ерте-кеш жүзіп ойнап құшса балдыр.
Тотыққан денелері қаракүрең
Тыныққан тәрбиемен білек балтыр.

1929 ж.



Жаңылығымның

Аң аулау дағдыммен бір күні мойныма мылтығымды асынып, қасыма дүрегей дәу сар тазымды ертіп қырға шықтым.

Күн жылы, таңертеңгі шыңылтырдың зәрі сәскеге жетпей-ақ сына бастады. Ылғалды салқын жел лебі бар. Жер буланып жіпсіп жатыр. Көз жетер төңірек, таулардың күнгей жақ беттері сай-салаларына дейін түгел қарайған; өсімдіктер тіріліп, жандана бастағандықтан қардан аршылған жер беттері көгілдір күлгін тартқан.

Осылай айналаға қарап келе жатқанымда, алдымнан бір қоян қашты. Олай да бұлай соған алданып жүргенімде күн түс болып қалды, боз адырдың сілеміне түс ауа зорға іліктім. Адырға келіп шыққанымда, аяқ астындағы алқапта жайылып жатқан бір қос жылқыны көрдім. Бұл екі-үш айғыр үйірлері үлпілдей бастаған бетегелі өлкеге жылқыларды жайғастыра салып, төбе басында атын ұстап біреу отыр. Жақындағанда ғана таныдым, Қабекеңнің үлкен баласы Айтбай

мыскерлікті, адалдықты ардақтайды. Көкшетаудың ел қадірлеген Біржансал, Ақансері, Балуаншолақ сыяқты әнші ақындарын, бүгінгі Көкшетауды мекендеген жастарды, пионерлерді, өнердің күштерін мақтан етіп жырлайды.

Сәкен революцияшыл күрес дәуірінің бейнелерін әр алуан ақындық өнермен, кейде көтеріңкі қанатты романтикаға бөлеп, кейде айқын сыншылықпен елестетеді. Революцияның жеңіс тұлғасын бір қатар өлеңдерінде шапқан дүбірімен жер сілкіндірген асау тұлпарға ұқсатса, енді бір қатар өлеңдерінде аспанға өрлеп, дүниеге қанат жайған аэропланға немесе жүйрік поезд экспресске ұқсатып жырлайды. Мұның бәрі де қызықты, орынды. Ақын сөзі жалаң айтылмай, осындай көркемдік бояуға бай болса, ақын-

дық қыялы қанатты болса, оның ойы да халыққа тез жетеді, тез таралады.

Сәкеннің «Қызыл сұңқарлар» атты пьесасы 1922—1927—1937 жылдары басылған. Октябрь социалистік революциясының жеңісі жолындағы күресті суреттейді. Пьесаның басты кейіпкерлері Еркебұлан, Байділда, Лозовский және басқалар арқылы революционерлердің алғырлық, сапалы, ерлік тұлғаларын түйіндеп көрсетеді. Халық бостандығы үшін зұлымдықпен алысқан бұл қажырлы ерлерді жазушы қызыл сұңқарлар бейнесінде елестетеді.

Сәкеннің қалдырған әдеби мұралары мол. Олар таяу арада кітап болып басылуға тиіс.

Есмағамбет Исмаилов.

Филология ғылымының кандидаты.

екен. Бұл менімен тұстас, әрі көңілдес, өзі құсбегі, аңқаулау адам. Келіп сәлем бердім. Жарау, дөнен қызыл айғырды шылбырынан ұстап отырған ол менімен түрекеліп қол алысты.

Амандасып, мал-жан, шаруа жайын сұрасқан соң Айтбай маған: «Жерге түс, жылқышы тамақтанғалы ауылға кетті, көп кешікпей оралар, содан кейін екеуміз ауылға бірге барармыз» — деді.

Сонымен екеуміз, өткен қыстың малға жайлы болғанын, көктем қауырт басталғанын айтысып, алдағы жаздың тәуір болып келетіндей нышан бар дегендей ананы-мынаны сөйлесіп отырғанымызда, күн еңкейіп қалды. Қарным ашыңқырайын десе керек, қыр астында түтіні көрінген ауыл жаққа қарай беріппін.

— Алаңдай берме ауыл жаққа. Балқыбай да сорпа-су ішіп келе жатқан болар. Сен онан да менің қызыл ырғайым қандай жылқы екенін сынап берші. Осы дөненім бәйгігерден кем болмайды-ақ, — деймін деді.

Мұның айтып отырғаны, бәйгіден екі келген, өзінің ақтаңлақ кер аты, ол жүйріктігімен қатар, есті жануар.

Бұл ауылдың жылқылары онша көп болмағанымен, шетінен желқабыз келеді. Бірақ кез келген тұғыр ондай бола бермес деген оймен, жанымда қаңтарулы тұрған қызыл дөненге қарадым. Бұл да осал мал емес, етек-жеңі түріліп тұр. Сымбатты, сыйда оқтау бел, құйма тұяқ, жұқа жал, сыпсың құйрығы да мүсінді тұлғасына жарасып тұр. Құлақтары балуанның қос бармағындай.

— Тола келе тынысы тарылмай шабатын болар, сірә, — дедім мен.

Осыны айттым да, төменде жайылып жатқан жылқылар арасына көз жібердім. Бірнеше тай-құнандар үркіп құйрықтарын тігіп алып шапқылап барады. Күн жылынып тойынған соң сөйтеді ғой тың тұяқтар. Бәйгігер қай тұста жүр екен деп үңіле зер салсам... Батыр-ау, үлкен көктөбет жүр жылқылардың ішінде.

— Ананы қара!

— Ой, қасқыр ғой анау... Е, бұл әлгі қаражон мен қаратөбелдің бірі болып жүрмесін.

Әне, көктөбетті байқап қалып, сырғақтап, шұрқыраса бастаған бір үйірлі жылқыға жақындамастан, өз бетімен тышқан аулаған итше бүкектей жортып, шеткерірек селкеу жүрген саяқтарға жанасты. Міне, кестиген бір баран жылқы мойнын төмен салып, солай қарай жүрді. Төбет тұра қалып құйрығын бұлғаңдатты. Саяқ еркелеген үлкен көк

итше иіскемек болып ентелей бергенде, бөрі тап берді де, оны тұмсығынан ала түсті. Екеуі тартысқан бетте бір сәт табан тірескендей болды. Алмас азулардың батқанын ауырсынды білем, ат сүйреп кете алмады. Ал, арлан қасқыр әлді болуға тиіс: ол қазір бүкшиген көк төбет емес, бойын жазған кезде, дәу көксерек болып шықты.

Менің төзімім жетпеді. Атқа міне, айқай сала шаптым. Бірақ, сарбауыр қасқыр азуларын еріннен босатып жібергенде, ат шалқасынан құлап, арлан оның үстіне қона түсті...

Айтбай қызыл ырғаймен қыр жақты ала, жылқылардан былайырақ орап шапты. Мен, әлдеқайда бұта түптерін иіскелеп, ұзап кеткен дүрегейімді айқайлап шақыра, төтелей тарттым... Мен осындай жерге келгенде ғана қаражон, ақсыйрақ қасқыр тұра жөнелді. Жығылып жатқан Бәйгігер екен. «Қасқыры құрысын, жануардың халі не болды екен» деп мен оның жанына асыға жеттім. Ат жатқан жерінен тұрмады.

Ақтаңгердің сол жақ қоңының кішігірім тостағандай етін ойып әкеткен екен. Мен аттан түсе қалғанымда, ол оқырана ұшып түрекелді. Қан борбайынан саулап жүр, енді жаның күймегенде қайтеді. Жан-жақты шолысам, Айтбай қасқырды биікке шығармай бөктерде олай да бұлай қайырып жүр екен.

Қоңыр ат талмай ұзақ шабатын жылқы еді, жөнөп бердім мен де бозадырдың сілемін ала. Осы кезде менің айқайыммен дүрегей де келіп жетті.

Айтбайдың дөнені жылдам екен, талқы бөрімен қатарласа салғанда, оның алдын орай берді. Бір жағынан мен де төкпектеп таяндым. Осылай екеулеп, қаусырмалай бастағанымызды көрген қаражон бөрі жазыққа қарай еріксіз құлады. Аң адыр етегінен алыстаңқырап, даланың ортасына қарай көсілген уақытта, қамшы басқан Айтбай



оған еркін жетті. Бірақ бөрі әлі тың, қарғып, біресе оның мына жағына, біресе ана жағына шығып ұрғызбайды.

Бөрінің енді құтылып кете алмасын аңғарған және Айтбайдың астындағы дөненнің біраздан соң босаңсып қаларын сезген мен, атымды қыспай еркін келем. Бара-бара сіңірлі көксерек, ойлағанымдай-ақ, Айтбайдан ұзап шыға берді. Бұл тұста бусанып бауырын жазып алған қоңыр ат та сыдырта бастаған. Қасқыр жазық даланың төріне тақалғанда, Айтбайды мен басып оздым. Бұл шіркінді бұдан әрі шалғайлатпайын, даланың арғы шетіндегі қыраттарға іліктірсем, дөң асқан соң жата қалып жаңылыстырар деп тақымымды қағыңқырап қойдым.

Дүрегейім өзімнен ілгерірек озып барады. Бұл да жүйрік еді. Әне, бөрімен құйрық тістесті. Бірақ ол ауыз салуға ұмтыла бергенде, бөрі одан бұрын шұғылынан жалт бұрылып тап берді. Екеуі тіктесе шабысып, тік тұра қалысты. Осы қалыптан төмендей беріскенде, қаражон қасқыр дүрегейді жұлқып шөкесінен түсірді де, тартып отырды.

Қасқыр қуған уақытта дабылдауға болмайды, онда бұл қайсар аң егесіп, шабысын үдете түседі. Сөйтсе де, жығылып қалып

аңырып тұрған итімді арқаландыру үшін, бір, екі рет айқайға басып жібердім. Дүрегей әбден долданған екен, үкідей ұшып бөріге тағы жеткенде, ол енді дұшпанын шаптан алу әдісін былай қойып, қапталдаса жарысты. Сонда біресе маған, біресе дүрегейге жалтақтап қараған қасқыр көзінен бұл қаражон ғана емес, оның маңдайында алақандай қара меңі бар екенін көрдім. Енді менің жүрегім де сескенейін деді. Бұл сұм сырттан болар, сойылға алдырмас, мұны ату керек деп мылтығымды мойнымнан алып ыңғайлана басып кеп қалдым. Арыстан бейнелес, өр кеуде сұм омақатты...

Оқ қорқаудың тоқпақ жілігін қыйратып кеткен екен. Айтбай да келіп жетті. Сол арада қаратөбел қасқырды соғып алдық.

Оның маңдайындағысы, жаратылысында біткен қара мең емес, қатқан қан, тайып тиген тұяқтың орны екен.

... Ия, бәйгігер сонан едәуір кем болды. Оның жараланған саны тыртық болып бітті. Соның салдарынан шапқан кезде бір талайға дейін солтақтап бойын жаза алмайтын еді.

Әуезхан Көшімов.


ЛЕНИНДІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ

ДАРЫНДЫ МҮСІНШІ

Балалар, сендер аппақ мрамордан құйылған атақты адамдардың мүсіндерін көрген боларсыңдар. Әрине, көрдіңдер. Горькийдің, Маяковскийдің, Герценнің, Мусоргскийдің, Достоевскийдің, Дарвиннің мүсіндерінен сендер сол көрнекті адамдардың бейнесін көз алдарыңа келтіргенсіңдер. Олардың қасиетін, парасатын, дарынын сезінгенсіңдер. Осы жандардың тұлғасына қарап тұрып ойларың талай қыяға шарықтаған да.

Сендер сонда бір нәрсеге балалықпен мән бермеген едіңдер. Жоғарыда атап-атап өткен құрметті адамдардың мүсінін кім жасағанын, әрине, сендер білген жоқсыңдар. Ол даңқты адамдардың мүсіндерін, әрқайсысының дара қасиетін көрсете жасап шығарған қарт суреткер Сергей Тимофеевич Коненков еді.

Ол кісі қазір тоқсанға келді. Қарт мүсінші өзінің ұзақ өмірінде көп-көп жарқын бейнелер жасады. Ол кісінің ерекше қасиеті — жасаған сымбаттарынан кейіпкер бойындағы артықша қасиетті ғажайып дәл көрсетеді. Адам-



ның бойындағы қайрат, төзім, адамгершілік, ақыл парасаты, кішіпейілділік, терең ойлылық, өнерпаздық, мейрімділік сыяқты толып жатқан қасиетті дарынды суреткер өз суреттерінде көрсете біледі.

Ол кісінің құйма суреттері тек адамдардың жеке басының қасиеттерін көрсетумен шектелмейді. Коненков жасаған сымбаттар сан-алуан тақырыптарды қамтыйды. Мұнда ұшқыр ойды шығарған шарықтатар ертегі суреттер де, еңбек иесі қарапайым адамдардың мүсіндері де, парасатты даналардың сымбаттары да бар. Бірақ, солардың бәріне ортақ бір қасиет — олардың не отырысында, не көз қарасында ұқсастық жоқ. Әрқайсысы өзінің табиғи өзгешелігімен көрсетіледі. Сергей Тимофеевичтің суреткерлік адам айтқысыз ерекшелігі де осында.

Қарт суреткердің көп жылдан бергі өнерлі еңбегіне зор баға берілді. «Автопортрет» деген суреті үшін ол кісі быыл Лениндік сыйлықтың лауреаты болды.



МҰНДАЙДЫ КІМ ЖОЛДАСЫМ ДЕЙДІ?

Сабақтан кілең «бес» алады.
«Бес» алса болды дес алады.
«Болдым,— дейді,— толдым» дейді,
Басқа жанды көзге ілмейді.
Өзін іріге санайды.
Білгіштің біріне санайды.
Өзгелер білмесін дейді,
Мендей боп жүрмесін дейді.
Мінін айтқанды жек көреді,
«Сені ме!» — деп кектенеді.
Мені ылғый мақтасын дейді.
Жаман деп айтпасын дейді.
Досына демеуі болмайды,
Тигізер көмегі болмайды.
Биік тұрсын өз басым дейді,
Ешкім менен озбасын дейді,
Класта озат болмасын дейді,
Мұндайды кім жолдасым дейді!

Қ. Тұрғанов.

Жамбыл облысы.

ЖАЛАЙ БЕРДІ ЫДЫСТЫ

Қағыстырып ыдысты
Дайын тамақ тапты да,
Ішуге Ақан кірісті,
Кітапты үнсіз жапты да.
Қарны тойды... Бітті іс.
Ойламады басқаны.
Ішкен жерде қалды ыдыс,
Жыйылмады, тастады.
Күтті ме әлде, көрді ме,
Ала мысық бұл істі.
Еппен басып келді де,
Жалай берді ыдысты.



ЖАС ШЫБЫҚ

Тұрды аулада көп шыбық
Бәрі балғын көк шыбық.
Бәкіні Ақан алды, ашты,
Бір шыбыққа жармасты.

Жаны ауырған жас шыбық
Кескен жерден жас шығып.
«Ая» — деп қалай айтады,
Басын құр үнсіз шайқады.

Ж. Карбозин.



Балалар, Индияның Премьер-Министрі Джавахарлал Неру өткен жылы совет балаларына сыйға арнап екі кішкентай піл жіберген еді. Бұл екі пілдің аттары Рави мен Шаши деп аталады. Қазір олар Киев Зоопаркінде өсіріледі. Жақында Москвадағы балалар әдебиеті баспасынан жазушы Сергей Баруздиннің «Рави мен Шаши» деген кітабы басылып шықты. Кітап өте қызықты. Біз бұл номерде сол кітаптан қысқаша үзінді беріп отырмыз.

Сергей Баруздин.

РАВИ МЕН ШАШИ

Рави мен Шаши кішкентай. Олар да кәдімгі балалар сыяқты, қыяңқылықтар жасап тұрады, кейде жылап та алады. Тамақ ішуі де кішкентай балалар сыяқты: сүтке пісіріп, қант қосқан күріш ботқасын тура апарып ауыздарына тығады. Басқаша әдіспен жеуді олар білмейді.

Егерде Рави мен Шаши орысша түсінетін болса, олар бұл тілде өздеріне қойылған Күн мен Ай деген есімдерінің құлаққа қандай жағымды естілетінін білген болар еді.


Бірақ, олар өздерінің орысша аттарын әлі білмейді.

— Күн! Күн! — деп дауыстайды балалар Равиге, бірақ ол тұмсығын да көтермейді.

— Ай! Ай! — деп балалар Шашиды шақырса, ол да бұрылып қарамайды.

— Мүмкін, біз олардың аттарын шатастырып тұрған шығармыз, — деседі балалар. Өйткені қараңдаршы, екеуі тіпті ұқсас қой.

Расында да, Рави мен Шаши бір-біріне өте ұқсас еді. Бірақ, олар ағалы-қарындастай



туыс емес, әр-беріден соң алыстан қосылатын ағайын да емес.

Рави мен Шаши — үндінің кішкентай пілдері. Олар біздің елімізге таяуда келген. Оларды совет балаларына арнап Индияның премьер-министрі Джавахарлал Неру сыйға тартқан.

— Мен Совет Одағында болған кезімде, — деп жазды Неру, — көптеген балалармен кездестім, сол кездескен жердің бәрінде де олар Индия балаларына сәлем жолдады. Енді мен Индия балаларының атынан Совет Одағының балаларына арнап аса үлкен екі сәлемдеме жіберемін. Бұл сәлемдемелер — екі кішкентай піл. Олар қазірдің өзінде ірі болғанымен, шындығында әлі бала, жастары бір жасқа жаңа келді. Олар Совет Одағының балаларына Индия балаларының елшілері ретінде барып, өздерімен бірге олардың достық пен игі ниетін жеткізеді... Мен Совет Одағының балалары бұл кішкентай елшілермен достасып, осылар арқылы Индия балаларын естеріне алар деп сенемін».


ЗООПАРКТЕГІ КЕЗДЕСУ

Зоопаркке кіруге кезек күткендер бұрын мұншама көп болмаушы еді, енді олай емес. Бүгін, жексенбіде, халық аса көп келіпті.

— Кезек күтуге тұрсақ қайтеді, оны қалай көресің? — деп сұрады капитан Чернобровкин баласынан.

— Тұрайық!

Вова Чернобровкин бес жасқа жаңа толса да, бүгін күні бойы кезек күтіп тұруға әзір еді. Оның қайткен күнде де Рави мен Шашиды көргісі келеді. Папасының тепло-




ходын қарсы алу үшін портқа желген жолы Вова үлкен пілдерді ғана көріп, кішкентай пілдерді көре алмай кетіп еді. Өйткені, кішкентай пілдер тордың ішінен бұған көрінбей еді.

Дегенмен, бұлар кезекті көп күткен жоқ. Кешікпей капитан Чернобровкин мен баласы екеуі Рави мен Шашидың шөпке таласып, ойнап жүргенін көрді.

Жұрт алаңды қоршап қаптап тұр. Бұл топтың ішінде ересегі көп пе, баласы көп пе, санап жеткізер емес. Рави мен Шашиды үлкені бар, кішісі бар, бәрінің де көргісі келеді.


— Бұлардың қайсысы ұл, қайсысы қыз? — деп сұрады Вова Чернобровкин әкесінің иығына шығып алып.

— Оң жақтағысы — ұл, яғни Рави деп аталады, ал сол жақтағысы — қыз, яғни Шаши деп аталады, — деп түсіндірді әкесі.



Капитанның қасында теплоходта өзімен бірге істейтін жолдастары — электрші Соколов пен

матрос Коломиец, боцман Совоськин мен механик Шлыковтар тұр. Өзгелерге қарағанда, «Ставрополь» теңізшілері үшін, Рави мен Шашиды көру аса қызық еді. Бірімен-бірі келісіп қойғандай-ақ олар бүгін өздерінің бұрынғы жолаушыларын көруге келіпті.



— Олар сіздерге неге қарамайды? — деп сұрады Вова олардан.

— Мүмкін, ұмытқан шығар, — деді Чернобровкин.

— Олар әлі кішкентай ғой. Оның үстіне халық та өте көп. Көре алмай тұр ғой! — деді Соколов, Рави мен Шашиды ақтағысы келіп.

Кенет күтпегендей бір оқыйға болды.

Рави мен Шаши қоршалған дуал жаққа бұрылып тұрып, ұзын тұмсықтарын бұлғады.

— Әне, қараңдар! Қараңдар! Таныды! — деп Соколов айқай салды.

Теңізшілер қатты риза болды. Айналада тұрғандардың бәрі де қызықтай күлісті.

Ал, үндінің кішкентай пілдері Рави мен Шаши өздеріне таныс бұрынғы достарымен бірге, советтік жаңа достарын да құттықтап тұрғандай, тұмсықтарын дамылсыз бұлғай берді.

ЖАҢА КІТАПТАР

Сенің сұлутөрлік құрбыларың

Оқушы достар! Сендер өздеріңнің сөздеріңде: «Кітап — біздің досымыз, ұстазымыз» — деген пікірді жиі айтасыңдар. Ол дұрыс та. Кітап, шынында да, сендердің ой-саналарыңның өрісін кеңейтеді, өздеріңе рухани нәр береді, сендердің коммунистік рухта тәрбиеленіп, коммунизмнің табанды, батыл құрылысшылары болып шығуларыңа көмектеседі.



Міне, сендердің мектеп және жеке кітапханаларыңда жаңадан тағы да бір кітап пайда болды. Ол — «Сұлутөрдің балалары» деп аталады. Оны жазған өздеріңе аты мәлім жас жазушы Сансызбай Сарғасқаев.

Сендер бұл жазушының бұдан бұрын өздеріңе арналған «Достар» деген әңгімелер жыйнағын, «Бір отрядта», «Сәуленің жаңа достары» деген повестерін оқыдыңдар. Енді мына кітабында ол сендерге өздеріңнің жаңа құрбыларыңның жаңа да, жақсы істерін тарту етіп ұсынып отыр. Мұнда сендер Сұлутөрлік құрбыларың — Мақсұт, Ақан, Раушан, Олақ сыяқты балалармен, тәжірибелі бағбан Омар қартпен, колхоз агрономы Дулатпен, мұғалім Жомартпен таныс боласыздар.

Сұлутөрдің балалары жас натуралистік үйірменің белсенді мүшелері. Олар мичуриндік әдіспен жеміс ағаштарының жаңа түрлерін өсіреді.

Кітаптағы басты кейіпкердің бірі — Мақсұт. Ол бұрын қалада оқыған. Әкесінің ауылға қызметке келуіне байланысты Мақсұт селолық мектепте оқиды. Оның натуралистік істер жөнінде бұрыннан тәжірибесі бар. Москвадағы бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне де қатысқан. Бұл келісімен мектептегі натуралистік істер қызу жүргізіледі.

Мақсұт сыяқты еңбексүйгіш, қоғамшыл талапты баланың жақсы істері сендерге де үлгі-өнеге, жас достар!

Ал, енді осы кітапта Мақсұтқа қарама қарсы кейіпкер де жоқ емес. Ол — Ақан. Ақан сыяқты сотқар, өзінен басқаны көре алмайтын іші тар, күншіл, жалақор балалар сендердің араларыңда да бар. Ондайларды өздеріңнің жыйналыстарыңда, жыйындарыңда, қабырға газеттеріңде батыл сынап, тезге салыңдар, оның жақсы жолдас болуына қамқорлық жасаңдар!

Кітаптағы бағбан Омар қарттың істері жас натуралистерге көп үлгі. Ауылдарыңдағы осындай тәжірибелі қарт бағбандармен сендер де жиі кездесулер жасап, олардың жақсы істерін өз істеріңе пайдаланыңдар!

Сансызбай Сарғасқаевтың бұл еңбегі оқушылар мен пионерлер үшін аса қажет. Сендер оны өздеріңнің мектеп және жеке кітапханаларыңда сатып алып, оқып шығыңдар. Бұл кітапты пионерлік жыйындарыңда талқылап пікір алмасыңдар!

1 «Сұлутөрдің балалары». Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы 1957 жылы басып шығарған.

Л. ТОЛСТОЙ.

АРЫСТАН МЕН ҚАНДЕН

ӘНГІМЕЛЕР

Лондонда тағы аңдарды көрсететін еді де, көрсеткені үшін ақша не болмаса сол тағы аңдарға азыққа беруге иттер мен мысықтарды ала беретін.

Бір адамның аң көргісі келіп, көшеден бір қанденді ұстап алды да; оны аңдар ауласына алып келді. Оның өзін аңдарды көруге жіберіп, қолындағы қанденін алып, жесін деп торда тұрған арыстанның алдына тастады.

Қанден құйрығын жымыра қысып барып тордың бұрышына жабыса шоқшиды. Арыстан оған жақын келіп, оны олай да, бұлай да иіскеді.

Қанден оған керіле шалқасынан жатты да, аяқтарын көтеріп құйрығын бұлғаңдатты.

Арыстан оны аяғымен нұқып аударып та жіберді.

Бұл кезде қанден орнынан ұшып тұрып арыстанның қарсы алдына екі артқы аяғымен қаздыя қалды.

Арыстан қанденге қарап, қабағын түксите мойнын о жағына бір, бұл жағына бір бұрды да, тимей қоя салды.

Иесі арыстанға ет тастағанда, арыстан бір білем етті жұлып алды да оны қанденге қалдырды.


Кешқұрым, арыстан ұйқыға кеткенде, қанден оның қасына жатып өзінің басын оның аяғына салды.

Сонан әрі қарай қанден арыстанмен бір тордың ішінде тұра берді. Арыстан оған тимеді, өзіне берілген азықты жеді, қанденмен бірге ұйықтады, тіпті қайсы кездерде онымен ойнайтын болды.

Күндерден күн өткенде аң ауласына келген бір мырза өзінің қанденін таний кетті, ол мынау менің өз қанденім деп, аң иесінен оны қайтарып беруді өтінді. Аң иесі де қайтарып бермек болып, қанденді шығарып алу үшін тордың аузына шақыра бастағаннан-ақ, арыстан түгін түкситіп айбат шеге бастады.

Сөйтіп арыстан мен қанден бір жыл бойы бір торда күнелтті.

Бір жыл өткен соң қанден ауырды да, өліп қалды. Арыстан берген жемді жемей қойды, қанденді иіскелеп жалаумен, оны аяғымен қозғаумен болды.



Қанденнің өлгеніне оның көзі жеткен соң, ол кенет оршып түсті де, сіресе құйрығымен екі жақ қабырғасын кезекпен-кезек осықпай жөнелді, ол бір кезде шарбаққа тап беріп ергенені, еденді кеміре бастады.

Ол күні бойы аласұрып басын тордың о жағына да, бұл жағына да соқты, өкірді де, сонан кейін өлі қанденнің жанына барып жатып жым болды. Иесінің өлі қанденді шығарып тастағысы келген еді, бірақ оған арыстан ешкімді жолатпай қойды.

Иесі, егер қасына басқа бір қанденді қоссам, арыстанымның қайғысы ұмытылатын шығар деп ойлап, оның торына бір тірі қанденді кіргізіп еді, бірақ арыстан табанда оның борша-боршасын шығарды. Сонан кейін ол өзінің аяқтарымен өлі қанденді құшып, сол күйі тапжылмастан бес күн жатты.

Алтыншы күнге қарағанда арыстанның өзі өлді.

ТАСБАҚА


Бір жолы мен Мельтон дейтін итімді ертіп аңға шықтым. Орманға жеткенде ол, құлағын едірейте, құйрығын тігіп айналаны тіміскілей бастады. Мен де мылтығымды кезеніп оның соңынан ердім. Мен оны қырғауыл, құр не болмаса қоян іздеп жүр екен деп қалдым. Бірақ, Мельтон орманның ішіне кірмей, далаға қарай кетті. Мен оның соңынан еріп алдыма көз тігіп келемін. Сөйтіп келе жатып кенет мен оның не іздегенін көрдім. Оның алдында шағындау, шамасы, бөріктей бір тасбақа қашып барады екен. Түйнек сыяқты, қарақоңыр жалаңаш басы ұзын мойнынан сорайып шығып кетіпті, тасбақа жалаңаш аяғымен талтаңдай басып барады, ал оның бүкіл арқасы қабықпен жабылған.

Итті көргенде ол басы мен аяғын әлгі қабықтың ішіне жасырып, шөптің ішіне отыра қалғанда, оның қабығынан басқа түк көрінбей қалды. Мельтон бассалып оны шайнап жіберейін деп еді, бірақ оған тісі батпай қойды, өйткені тасбақаның бауырында, арқасындағы сыяқты, қабық бар еді. Тек оның алдында, артында және бүйірлерінде ғана тесіктері бар, міне сол тесіктерден ол басын, аяғын, құйрығын шығарады.

Мен тасбақаны Мельтоннан тартып алып, оның арқасында қандай өрнегі барын, қабығының қандай екенін, оның ішіне ол қалай жасырынатынын қарап өттім. Оны қолыма алып тұрып қабығының астын ала қуысынан қарағанымда, оның тек ішінде ғана, подвалдың түбіндегідей, бір қарайған жанды зат көрінеді. Мен тасбақаны шөптің үстіне лақтырып жібердім де, әрі қарай кеттім, бірақ Мельтонның оны қалдырғысы келген жоқ, менің соңымнан оны тістеп алып жүрді. Бір кезде Мельтон кенеттен шаққ етті де, тасбақаны аузынан босатып жіберді. Тасбақа оның аузында келе жатып, аяғын қабығынан шығарыпты да Мельтонның көмейін тырнап алыпты. Оның бұған өшіккені сонша, ол оған абалап барады да, шап беріп қайтадан тістеп алып, менің соңымнан жүрді. Мен тағы да таста деп ымдап ем, бірақ Мельтон мені тыңдаған жоқ. Сонан соң мен оның аузынан тасбақаны жұлып алдым да, лақтырып жібердім. Бірақ ол оны бәрі бір жәй қалдырған жоқ. Ол асыға-үсіге оның қасы-

нан аяғымен шұқыр қаза бастады. Шұқырды қазып болғаннан кейін ол тасбақаны аяғымен домалатып әкеліп шұқырға түсірді де, топырақпен көміп кетті.

Тасбақалар, сары жыландар мен құрбақалар сыяқты, жер бетінде де, суда да күнелте береді. Олар жұмыртқадан өнеді, жұмыртқаларын жердің бетіне салады, бірақ



оны құсша басып шығармайды, жұмыртқа, балықтың уылдырығы тәрізді, өзі жарылады да, онан тасбақа шығады. Тасбақаның, шыны аяқтың табағындай ғана кішкентайы да, ұзыны үш кез, салмағы жыйырма пұт үлкені де бола береді.

Көктемде бір тасбақаның өзі жүздеген жұмыртқа туады. Тасбақаның қабығы оның қабырғасы. Тек, адамдардың және өзге де жануарлардың қабырғалары бөлек-бөлек болса, тасбақаның қабырғалары бірігіп кетіп, қабыққа айналған. Ең кереметі, барлық жануардың қабырғасы ішінде болса, тасбақаның қабырғасы сыртында да, еті оның астында.

Аударған М. НҰРТАЗИН.

ҰЛДАР

Екі әйел құдықтан су алуға келеді. Бұларға тағы бір әйел келіп қосылады. Осы кезде бір шал демалмақ боп олардың жанындағы тасқа отырады.

Сонда бір әйел екінші әйелге:

— Менің ұлым әрі епті, әрі әлді. Оған ешкім тең келе алмайды,— дейді.

— Менің ұлым өлең айтқанда бұлбұлдай сайрайды, ешкімде ондай дауыс жоқ,— дейді екіншісі. Бұларға үшінші әйел үндемейді.

— Сен өз ұлың туралы неге ешнәрсе айтпайсың? — деп сұрайды көршілері.

— Не айтамын? — дейді әйел,— онда айтарлықтай ерекше ешнәрсе жоқ.

Әйелдер шелектерін суға толтырып алып, үйлеріне жүреді. Шал да бұлардың соңынан аяндайды. Әйелдер біраз жүреді де, тағы тоқтайды, қолдары талған соң әкеле жатқан

сулары да шайқалып кетеді. Белдері де ауырады.

Кенет бұлардың алдынан үш бала жүгіріп шығады.

Біреуі мойнын ішіне ала омақата құлай, қол-аяғын тіреуіштеп дөңгелене жөнелгенде, оған әйелдер сүйсінеді.

Екінші бала өлең айтып бұлбұлша сайрайды, мұны әйелдер тындай қалады.

Ал, үшінші бала жүгіріп келіп, шешесінің қасынан оның ауыр шелектерін алып көтере жөнеледі.

Әйелдер шалдан:

— Ия, не айтасыз? Біздің ұлдарымыз қандай екен? — деп сұрайды.

— Ол балаларыңыз қайда? Мен бір-ақ баланы көріп тұрмын ғой,— деп жауап береді шал.

В. Осеева.

Значок сыры



Бәрі де класқа жаңа мұғалімнің келуінен басталды. Биология пәнінің мұғалімі де басқалар сыяқты жап-жас жігіт екен. Келген бетте-ақ ол өзін оқушылармен таныстырды. Есімі — Нұрмұхамбет Есенәлиев. Өзі де оқушылардың атын түгел сұрап алды.

Ал, алдыңғы партада отырған Шамиль Насыров пен Володя Куваниковты қызықтырған биология пәні мұғалімінің өңіріндегі значокі еді. Мұнаймен аты шыққан Құлсарыға талайлар келіп, талайлар кетіп жататын. Бұлар бұрын олардың ешқайсысынан да мұндай значокті көрген емес. Жиіектері оюлармен көмкерілген, ортасындағы он тыйындық күміс ақшаның аумағындай шеңберде қолына не таяққа, не қылышқа ұқсамайтын құрал ұстаған адам бейнеленген. Әрі кішкене, әрі әдемі өрнекті значок. Қаншалық құмартса да сұрауға екеуі де батпады. Сырмінез бола қоймаған адамды іске қатысы жоқ сұраулармен мазалау қыйын ғой.

Ақыры бұл значоктің сыры күтпеген жерден өзінен-өзі ашылды.

«Биология пәнінің мұғалімі Алматыға бүкілқазақстандық спартакиадаға шақыртылыпты» деген хабар оқушылар арасына лезде тарайды. Спартакиаданы бір де рет көрмесе де Шамиль мен Володя да, мектептің басқа оқушылары да оның үлкен спорттық жарыс екендігін жақсы білетін. Сөйтіп, жаңа мұғалім таңдаулы спортшы болғаны ма?! Расында да солай екен.

Балалар мұның қандай значок екенін зоология сабағы алдында мұғалімнің өзінен сұрады.

— Бұл сайысшы значокі,— деді өзін жаппырлай қаумалаған балаларға Нұрмұхамбет,— мұндай спорттық значокті республикалық жарысқа қатынасып, разрядтық норма орындағандардың бәрі де алады.

— Сайыс өнерінің өзі қандай? Соны айтыңызшы? — десіп оқушылар шу ете қалды.

— Алматыдағы жарыстан қайта оралайын. Сонда тек айтып қана қоймай, өздерінді сол өнерге шама келгенше үйретемін,— деп, Нұрмұхамбет басталған әңгімені қысқа түйді.

Жас мұғалім уәдесінде тұрды. Алматыдан қайтып оралысымен физкультура пәні мұғалімімен келісе отырып, ол мектепте сайысшылар секциясын құрды. Спорттық формалы киімдерді өзімен бірге ала келді. Бұрын спорт киімін киген оқушыларды газет-журнал суреттерінен көретін балалар жаттығуларға жыйнақы спорт формасымен келетін болды.

Ал, Нұрмұхамбет Есенәлиевке спорт секциясын құру көп қыйындыққа түскенін бастапқыда оқушылар білген жоқ. Педагогтік мамандықтың сан қыйлы жолдарын әлі де үйреніп жетпеген жас маман өзі жүргізетін негізгі пәндерге қоса сайыс өнері туралы әдебиеттерді көп оқыды. Жаттығу жүргізуге жабдықтар да жетіспеді. Сайыс құралдары — рапира мен эсподронды Гурьевтің бар магазиндерін аралап жүріп таба алмады. Рапира мен эсподронды қолдан жасауға тура келді. Дәл осы тұста оқушылар жас мұғалімге қолқабыс тигізді. Еңбек сабағында слесарьлық, токарьлық іске үйреніп жүрген Слава Цепов, Валя Илькович, Шамиль Насыровтар спортшы мұғалімнің көрсетуімен сайыс құралдарын өздері жасады.

Сайыс өнерімен машықтану осылай басталды. Бірақ, өздері жасаған сайыс құралдары оқушылар қолдарына бірден тие қойған жоқ. Алдымен сайыстың сан-қыйлы тәсілдерін айлап үйренді. Шапшандық пен батылдықты шындау үшін секция мүшелері жүгірумен, ұзындықтан және биіктіктен қарғумен, волейболмен айналысты. Оқушыларды жалықпай үйретуші де, ақылшы да Нұрмұхамбет Есенәлиевтің өзі болды.

Мектепте сайыс секциясының құрылғанына быйыл екінші жыл. Алғашында жеті оқушы қатынасқан секцияның өрісі қазір кең.

АҢҒАУ АҢШЫЛАР

Журналымыздың екінші санының мұқабасының төртінші бетіндегі Н. Лебедев салған суретке арнап оқушыларымыз редакцияға жеті жүзге жуық әңгіме жолдады.

Төменде сол әңгімелердің екеуін жариялап отырмыз.

Кешке қарай ауа райы бұзылып, қар жауып алай-түлей боран болды. Екі-үш күн ұдайымен соғып түтеген ақ боран қарды тізеден келтіріп-ақ салды. Келесі күндердің бірінде боран толастап, айнала бөккен ақша қар күн шұғыласына жалт-жұлт етеді. Болат пен Қанат осы қансонарда аңға шықпақ болды. Екеуі шаңғыларын мықтап байлап, Болат мылтығын асынып, Қанат із үлкейткіш құралын алып, ауылдан ұзақта көрінген ағашқа қарай бет алды. Бұл жерде қоян көп болатын. Алдан қоянның ағашқа қарай жүрген ізін көріп, Қанат із үлкейткіш құралымен қарай бастады. Болат мылтығын оңтайлана ұстап ағашқа қарай тартты. Ағаштың түбінде екі қоян бұларды көріп, бұға қалды. Бұлар ағаш қасына келгенде қояндар бұтақты тасалап, кейін айна-

Быйылдың өзінде 12 талапкер жазылды. Секцияның алғашқы мүшелерінің бәрі де спорттық разряд алды.

Биология пәні мұғалімі басқарған шағын спорт коллективінің алғашқы қадамы сәтті болды. Өткен жазда бұл команда облыста екінші орынға шықты. Нұрмұхамбет Есенәлиевтің өзі облыс чемпионы деген құрметті атақты жеңіп алды. Бұдан бір жыл бұрын ұстазының өңіріндегі значоктің сырын білуге құмартып жүрген Шамиль Насыров облыстың сайысшылар командасының құрамына енді. Осы жазда ол да республикадағы ірі жарыстарда күш сынаспақ. Быйыл Құлсарыдан облыстық жарысқа қатысатын жаңа команданың құрамына Дияс Сүлейменов, Елтай, Бекетов, Нариман Закарин тәрізді оқуда озат оқушылар бар.

Жас буындардың шымыр да шынығып өсуіне талмай үлес қосып жүрген жас мұғалім Нұрмұхамбет Есенәлиев өз өңіріндегі разрядтық значокті өз шәкірттерінің бәрінің де өңірінен көруге күштар. Спорт ісі балғындардың бәріне ортақ болуын көксейді ол.

С. Бердіқұлов.

лып жасырына берді. Екеуі ілгеріге көз жіберіп, аң қарады. Болат мылтығын оңтайлап ұстап, көрінген аң болса, сұлатпақ болып-ақ тұр. Болат пен Қанат, ағаш қатарынан өте бере ізден адасты. Ал, екі қоян болса «енді хауіп жоқ» дегендей аңшылардың жүріп өткен жолында селтиіп отырды. Сөйтіп, аңқау аңшылар қоянға мазақ болды.

Санақбай ТІЛЕГЕНОВ.

Гурьев облысы.

М. Горький атындағы орта мектеп.

*
* *

Ақ қардан қалың көрпе жамылған жазық дала. Аппақ шапан киген тырбыйған бұталар мен сұңғақ ағаштар. Жер беті теп-тегіс теңізге ұқсайды. Екі бала аяғына шаңғы байлап, біреуінің қолында мылтық, екіншісі үлкейткіш шыны алып қар үстінде жылжып келе жатты. Алдарынан екі қоянның ізі ұшырасты.

Жас аңшылардың іздегені табылғандай қуанды. Олар ізді бағдарлап соңына түсе бастады. Қоянның іздері алыстағы екі ағашқа қарай шұбатыла ұзай берді. Жас аңшылар ізді әр жерден бір кесіп, адаспай келе жатыр. Олар алдыңғы ағашқа таянған кезде қояндар ағаштың екінші жағына шықты. Келе жатқан аңшылар мұны аңдамады. Жас аңшылар бірінші ағаштан өтіп, екінші ағашқа қарай бет алғанда, қояндар еппен басып балалардың дәл желкесінде тұрды. Аңшылар арттарына бұрылып та қарамай ізсіз-түзсіз алға қарай тарта берді. Міне, қандай аңғалдық!

Фарида ДҮЙСЕНБАЕВА.

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Ащысай поселкесіндегі Шоқан Уәлиханов
атындағы мектептің оқушысы.

КІМ КҮШТІ!

Отырғанда демалып
Күресемін папаммен.
Мен бір ноян, мен алып,
Көп күлкіге батам мен.

Папам шаршап, жеңіліп
«Палуансың» деп күледі.
Бір қолымен мені өзі
Көтеріп ап сүйеді.

Бетімді қоймай бұрғанда
Күшімді де салмаймын.
Үйткені ол тұрғанда,
Орнынан қозғай алмаймын.

С. Ләмбеков.

Қарағанды облысы.

БІЗДІҢ КӨМЕГІМІЗ

«Топар» жетіжылдық мектебінде жас төлшілер үйірмесі жұмыс істейді. Біздің мектеп «Заря востока» колхозының сыйыр фермасына жақын, сондықтан 6-класс оқушылары осы сыйыр фермасына барып жас төлдерді күтімге алуға ұйғардық. **28**

Ферма меңгерушісі Оспанбаев Айтбай ағай бізді жылы шыраймен қарсы алып, жас төлдерді қалай күтуді және рацион бойынша тамақтандыру керек екендігін айтып түсіндірді. **48**

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барған озат бұзаушы Сақын Мырзағұлованың әңгімесін тыңдадық.

Біз 100 бұзаудың ішінен нашар деген 15 бұзауды қарамағымызға алып, оларды рацион бойынша тамақтандырып, орындарын тазалау жұмыстарын жүргізе бастадық. Бұзаулардың барлығы қыстан күйлі, жақсы шықты.

Колхоз бастығы біздің баққан бұзауларымызды көріп, сіңірген еңбегіміз үшін ақшадай сыйлық беріп, колхоз атынан алғыс жариялады. Біз бұл еңбегімізбен ғана қанағаттанып қалғамыз жоқ, 15 бұзауды жайылымға жайылуға бақташыға өткіздік те, тағы да жаңа туған 15 бұзаудың күтімін міндетімізге алдық. Бұл бұзауларды да ойдағыдай күтуге сеніміміз зор. **126.**

БАЛҒАБАЙ МҰСТАФИН.

Алматы облысы, Алматы ауданы, «Топар» мектебінің 6-класс оқушысы.



ӨНЕРПАЗДАР

Клара ертеңгі асын ішкеннен соң мектепке келді. Онда репетиция болмақшы еді. Клараңы кластас құрбысы Қаршыға қарсы алды.

- Нендей жаңалығың бар? — деді Клара амандықтан кейін.
- Өзіңде ше? — деді Қаршыға сәл жымыйып.
- Мен жаңа ән үйреніп келдім.
- Мен де!

Екі дос қуаныса күлісті. Көп ұзамай көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі Ибрагим Әлиев келіп, репетиция да басталды.

Қаршыға өзі үйреніп жүрген татар халқының әні «Орақшы қызды» орындады да, Клара азербайжан халқының әні «Сурияны» орындады. Екеуінің де өнеріне жолдастары қатты сүйінді. Бұл әндер алдағы концерттің программасына енді.

Жексенбі. Аудандық мәдениет үйіне халық лық толған. Көп күттірмей торғын шымылдық ашылды.

Жұрт ду қол шапалақтады. Орта бойлы талдырмаш келген Клара «Сурияны» нақышына келтіре екпіндете орындап тұр. Күмістей сыңғырлаған дауысты залдағылар қызықтап тыңдап қалған. Клара бұдан кейін «Қамажай» биін биледі. Бұл да көрушілерге күшті әсер қалдырды.

Бұдан кейін сахнаға шыққан Қаршыға «Орақшы қызды», «Жылқышы әнін» орындады. Қаршыға мен Клара осы аудандық фестивальда әншілік өнерлері үшін аудандық комсомол комитетінің құрмет грамоталарымен наградталды. Олар өз өнерлерін облыстық фестивальда да көрсетті.

Ж. МАХМАЕВ.

Жамбыл облысы, Шу ауданы, Новотройцк селосындағы орта мектеп.



Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Әр елдегі жас достар» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор) Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журнала «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 6/VI-1957 г. УГ03333. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 26.000 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1010.



Стартерлер

МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ!

МЕТАЛЛ СЫНЫҚТАРЫ МЕН ТҮСТІ
МЕТАЛЛ ҚАЛДЫҚТАРЫН, ЕСКІ ҚАҒАЗ-
ДАРДЫ, ЕСКІ-ҰСҚЫЛАРДЫ ЖЫЙНАП
АУДАНДЫҚ ДАЙЫНДАУ КОНТОРЛАРЫ-
НА, СЕЛОЛЫҚ ТҰТЫНУШЫЛАР КООПЕ-
РАЦИЯЛАРЫНЫҢ ДҮКЕНДЕРІ МЕН
МАГАЗИНДЕРІНЕ САТЫҢЫЗДАРИ



ТЕМІР СЫНЫҚТАРЫ МЕН МЕТАЛЛ ҚАЛДЫҚТАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ЕСКІ-
ҰСҚЫЛАР — ӨНЕРКӘСІП ҮШІН БАҒАЛЫ ШИКІЗАТ.

БАҒАСЫ 1 СӨМ

